



Құрметті студент!

2018 жылы «Білім - 3» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

| Мамандық шифры | Мамандықтың атауы | Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті |
|----------------|---------------------------|---|
| 5B011700 | «Қазақ тілі мен әдебиеті» | 1. Тіл біліміне кіріспе 2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі 3. Әдебиеттануға кіріспе 4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі |

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Тіл біліміне кіріспе
 - Қазақ тілін оқыту әдістемесі
 - Әдебиеттануға кіріспе
 - Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі
- Тестілеу уақыты - 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.
- Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Тіл біліміне кіріспе

1. Тілдік құрылымға тән таңба элементтері:

- A) морфема
- B) дыбыс
- C) таңба, морфема
- D) сөйлем мүшелері
- E) бастауыш, баяндауыш
- F) дыбыс, графема

2. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар:

- A) -дан, -ден, -нан
- B) -ға, -ге
- C) -нікі (-дікі, -тікі)
- D) -ов, -ова, -ев, -ева, -ин, -ина
- E) -мен, -бен, -пен

3. Негізгі морфологиялық ұғымдардың қатарына:

- A) дыбыс
- B) негізгі фонема
- C) фонема
- D) аффикстік морфема не көмекші морфема
- E) қосымша фонема

4. Түркі тілдерінің ішіндегі ұйғыр-оғыз тобына жататын тілдер:

- A) құмық, татар
- B) хакас, ұйғыр
- C) тува, якут
- D) тофа, шор
- E) хакас, якут

5. Барлық тілдерге немесе көп тілдерге ортақ қасиеттер:

- A) флексия құбылысы
- B) универсалды
- C) генетив
- D) дейктив
- E) номинатив

6. Генеологиялық топтастыруда ұйғыр-оғыз тобына жататын тілдер:

- A) тофа (қарағас)
- B) тува, татар
- C) тува, ұйғыр
- D) шор, шұлым
- E) хакас, ноғай
- F) якут, хакас

7. Генеологиялық топтастыру бойынша қыпшақ тілдеріне:

- A) қарақалпақ, өзбек
- B) ноғай, қарақалпақ
- C) ноғай, ұйғыр
- D) қырғыз, қазақ
- E) өзбек, ұйғыр
- F) қазақ, ноғай
- G) қазақ, қарақалпақ

8. Фонетика ғылымының зерттейтін салалары:

- A) типологиялық
- B) лексикологиялық
- C) жалпы фонетика
- D) эксперименталды фонетика
- E) структуралық
- F) жеке фонетика

9. Тіл дыбыстарының физиологиялық жақтары:

- A) статистикалық фонетика
- B) фонология
- C) дыбыстау мүшелері
- D) акустикалы фонетика
- E) функционалды фонетика
- F) интонология

10. Тілдің тарихи даму барысында әр түрлі екі фонеманың бір фонеманың бойына сіңісуінің аталуы:

- A) дивергенция
- B) дивергенция, бірігу
- C) дивергенция, алыстау
- D) апокопа
- E) метатеза
- F) конвергенция
- G) конвергенция, бірігу

11. Алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа ықпал етіп, оны өзіне ұқсатып бағындыруы деп аталады:

- A) регрессивті ассимиляция
- B) аккомодация
- C) сіңісу
- D) ілгерінді ықпал
- E) диссимиляция, кейінді ықпал
- F) кейінді ықпал

12. «в» дыбысы қандай фонетикалық қасиеттерге ие:

- A) ұяң
- B) лабиаль-денталь, ұяң
- C) шұғыл
- D) қос ерін
- E) үнді
- F) қос ерін, ұяң
- G) лабиаль-денталь

13. Тілдің артқы таңдаға қарай жиырылып айтылуынан дауыстылар жасалады:

- A) а, ә
- B) е, и, і, ө, ә
- C) у, о
- D) е, ы, і
- E) а, ы, о, у
- F) ы, і

14. Есім сөз таптары:

- A) одағай
- B) зат есім, сын есім
- C) сын есім шылау
- D) сан есім, сын есім
- E) үстеу, зат есім
- F) зат есім, есімдік
- G) есімдік, етістік

15. Тәуелденген зат есімдерге қосымшасы өзгеріп жалғанатын септіктер қатары:

- A) атау
- B) атау, шығыс
- C) барыс
- D) көмекес
- E) жатыс
- F) табыс

16. Қимыл, іс-әрекеттің шындыққа қатынасын білдіретін категория:

- A) етістік негізді, шақ
- B) рай
- C) етістік негізді, рай
- D) сан-мөлшер
- E) шақ
- F) жақ

17. Сөздердің интонациясы тәсілге жатады:

- A) жанасу
- B) сыртқы
- C) матасу
- D) аналитикалық, ажыратушы
- E) синтагматикалық
- F) аналитикалық
- G) ажыратушы

18. *оқып барды, қарап тұр еді* грамматикалық тәсілге жатады:

- A) аналитикалық, бірігу
- B) аналитикалық, тіркесу
- C) тіркесу
- D) бағыныңқы
- E) синтетикалық
- F) аналитикалық

19. Грамматикалық тәсіл:

- A) дыбыстық алмасулар
- B) ішкі флексия
- C) предикаттық байланысу
- D) грамматикалық сөзжасам
- E) тіркесім

20. Демеулік шылауды көрсетіңіз:

- A) қана
- B) қатар
- C) тағы
- D) ғой
- E) тұрмақ

21. Сөздердің формалары тәсіл арқылы жасалады:

- A) Интонация арқылы
- B) Ешқандай жауап дұрыс емес
- C) Синтетика-аналитикалық
- D) Префикс арқылы
- E) Синтетикалық

22. Мәтелдің белгісі:

- A) астарлап, жұмбақтап түсіндіріледі
- B) ақыл-кеңес беріледі
- C) құрылысы жағынан екі, үш бөлімді болады
- D) ой нақты айтылады
- E) көбіне бір бөлімді болады
- F) өсиет түрінде беріледі
- G) үлгі-өнеге түрінде айтылады

23. Сөздердің шығу тегін тіл білімінің саласы зерттейді:

- A) морфема
- B) лексикография
- C) тарихи лексикология
- D) этимология
- E) терминология
- F) фон
- G) семантика

24. *Батыр, ержүрек, жүрек жұтқан* сөздері:

- A) мағыналас қатар
- B) синонимдік
- C) фразеологизмдер
- D) антропонимдік
- E) омонимдік
- F) көп мағыналылық
- G) антонимдік

25. Лебiздi екпiн тiлдерiне тән:

- A) грек, латын
- B) орыс
- C) белорус, жапон
- D) неміс
- E) чуваш, чукот

Тіл біліміне кіріспе
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Қазақ тілін оқыту әдістемесі

1. Фонетика терминдері:

- A) Сөйлем
- B) Дыбыс
- C) Сөз
- D) Мәтін
- E) Морфема

2. Көп мағыналы, омоним, неологизм, архаизм сөздердің мағынасын түсіндіретін сөздік:

- A) Диалектикалық
- B) Орфографиялық
- C) Орфоэпиялық
- D) «Синонимдік», «түсіндірмелік»
- E) Фразеологиялық

3. Біріккен сөзді оқытуда ескерілетін ерекшелік:

- A) Түбір сөздерден ерекшелігі
- B) Интонацияға
- C) Құрамы
- D) Мағынасы
- E) Жазылуы
- F) Сұрағы
- G) Сөздердің бірігу тәсілі

4. Жалпылау есімдіктері:

- A) Бұл, сол
- B) Мен, мынау
- C) Бәрі, күллі
- D) Өзім, өзі
- E) Барлық
- F) Бүкіл

5. Жай сөйлем түрлері:

- A) салалас сөйлем
- B) толымды және толымсыз сөйлем
- C) ыңғайлас сөйлем
- D) сабақтас сөйлем
- E) қарсылықты сөйлем
- F) аралас сөйлем

6. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері:

- A) пысықтауыш
- B) бастауыш
- C) үйірлі мүше
- D) айқындауыш мүше
- E) бірыңғай мүше
- F) баяндауыш

7. Мәтінді дұрыс қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыс түрі:

- A) Саралау
- B) Қайталап оқу
- C) Хабарлау
- D) Суреттеу
- E) Мазмұндау
- F) Шығарманы мәнерлеп оқу
- G) Шығарманы іштей оқу

8. Жалпы адамдар арасындағы тілдесім:

- A) Ықпалдық
- B) Орфография
- C) Жазып алу
- D) Ақпараттық
- E) Ресми
- F) Қабылдамалық

9. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жалпы дидактикалық принциптер:

- A) тарихи-сабақтастық принципі
- B) оқытудың алдын-ала болжау принципі
- C) музыкалық принципі
- D) педагогикалық принципі
- E) қарым-қатынастық принципі
- F) оқытудың теория және практика өмірімен байланыстыру принципі
- G) әдістемелік принципі

10. Оқушының қабілетін дамытатын оқытудың көрнекілік ұстанымы:

- A) бақылау қабілетін
- B) пластикалық қабілетін
- C) шешендік қабілетін
- D) оймен топшылау қабілетін
- E) байқағаштығын

11. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі пәні бойынша тіл үйретудің құрамды жолдары:

- A) Ауызша түсіндіру
- B) Сөйлеу
- C) Жазу
- D) Оқу
- E) Тыңдау

12. Қазақ тілін оқытуда компьютерлік технологияның қажеттілігі:

- A) Тілдің салалары бойынша құрылған тапсырмаларды пайдалануға мүмкіндік береді
- B) Тест тапсырмалары бойынша білім тексеруге болады
- C) Ақпараттар алмасуға мүмкіндік береді
- D) Жаттығу орындауға керек
- E) Жаңа сабақты бекітуге мүмкіндік береді
- F) Сабақ түсіндіруге түрлі мазмұндағы қажеттілік
- G) Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады

13. Ы. Алтынсарин «Хрестоматиясында» берілген баламен жұмыс істеу тәсілдері:

- A) оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзі кінәламауға тиіс
- B) оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеруді
- C) дистанциялық оқытуды
- D) дамыта оқытуды
- E) бағдарламалап оқытуды
- F) саралап оқытуды

14. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану:

- A) Сабақ барысында үнемі қолдану мүмкін емес
- B) Теориялық тұрғыда негізделмеген, тиімсіз әдіс
- C) Тілдік талдау барысында қиындықтар туғызады
- D) Тақырыпқа байланысты мол ақпараттар алуға көмектеседі
- E) Оқушының өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады
- F) Мәтіндік редактор мүмкіндіктерін пайдалануға негізделген
- G) Білім алушы мотивациясына теріс ықпал етеді

15. Қазақ фразеологиясындағы ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін толыққанды түрде таныту жолдары:

- A) Ауыз әдебиеті нұсқаларын оқу
- B) Сыныптан тыс жұмыс жүргізу
- C) Домбыра үйірмесіне қатысу
- D) Этнолингвистикалық материал жинақтау
- E) Интернет арқылы материал жинақтау
- F) Көркем бұйымдар көрмесін ұйымдастыру

16. Компьютер көмегімен қазақ тілі сабағында қолдануға болатын грамматикалық ойындардың пайдасы:

- A) Сурет салуға
- B) Ою-өрнек құрастыруға
- C) Грамматикалық ережелерді бекітуге
- D) Сөйлем мүшелерін дұрыс таба білуге
- E) Түбір мен қосымшаны ажыратуға

17. X. Арғынов ұсынған синтаксисті оқытудағы көрнекілікке қойылар талаптар:

- A) Интербелсенді тақтаны қолдану қажет
- B) Грамматикалық таблица түрлі-түсті бояумен берілуі қажет
- C) Көрнекі құрал өте жеңіл немесе тым қиын болмауы керек
- D) Көрнекілікте өткен тақырыппен байланыс болмауы шарт
- E) Тыныс белгілері берілуі тиіс
- F) Тасымалданбау керек
- G) Құралдың бейнелеп көрсететін объектісінің анық-айқын болуы шарт

18. Сөз тіркесін зерттеген ғалымдар:

- A) М. Балақаев
- B) С. Аманжолов
- C) М. Дулатов
- D) С. Исаев
- E) Н. Сауранбаев
- F) А. Құнанбаев
- G) М. Әуезов

19. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері:

- A) Мақсат бағыныңқылы
- B) Қарсылықты
- C) Кезектес салалас
- D) Түсіндірмелі
- E) Толымды
- F) Талғаулы салалас
- G) Жайылма

20. Ы. Алтынсаринге тән сипаттама:

- A) Революцияға шақырады
- B) Психология туралы оқулық жазады
- C) Өзінен бұрынғы педагогикалық озат ой жүйелерін біріктірген
- D) Алғаш қазақ романының авторы
- E) Адам мінезін оқу-білім арқылы түзетуге болатынына сенеді
- F) Орыс мәдениетін қабылдауға міндеттейді

21. Н. Сауранбаев бойынша құрмалас сөйлемдердің негізгі белгілері:

- A) Әр компонентте дербес бастауыш пен дербес баяндауыштың болуы
- B) Құрамындағы синтаксистік компоненттерде айтылатын ойдың дербестігі
- C) Компоненттердің интонациялық жігі айқын болуы
- D) Бір сөйлемдік мағынаға ие болмауы
- E) Компонентте айтылатын ойдың аяқталғандығы
- F) Бір предикаттық қатынастың болуы

22. Мәтін туралы ұғым қалыптастыру әдістемесі:

- A) Мәтін туралы ұғым бастауыш сыныптан беріледі
- B) Мәтінде ой тұжырымдалады
- C) Мәтіннің грамматикамен байланысы жоқ
- D) Мәтіннің тақырыбы мен идеясы болады
- E) Мәтіннің стильге қатысы болмайды
- F) Мәтін философиялық әдебиеттен құралады

23. Компьютерді қазақ тілі сабағында пайдаланғанда көрнекілікті арттыру үшін қолданылатын бағдарламалар:

- A) MathLab
- B) Arcon
- C) Excel
- D) ActiveStudio
- E) MS Office Power Point

24. Пунктуацияны оқыту ұстанымдары:

- A) Жаттығуларды орындау
- B) Мәнерлеп оқу мен пунктуация байланысы
- C) Сөздік құрамның сөз қорына негізделетінін білу
- D) Сөзжасамның морфологиялық тәсілдерін білу
- E) Сөздің синтаксистік қызметіне мән беруді талап ететін грамматикалық ұстаным

25. Синтаксисті оқытқанда қолданылатын тіл дамыту жұмысының түрі:
- A) Сөз тіркесін құрастыру
 - B) Сөйлем құрастыру
 - C) Тіл дыбысын құрастыру
 - D) Сөз тұлғаларын құрастыру
 - E) Мәтін құрастыру

**Қазақ тілін оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әдебиеттануға кіріспе

1. Әдебиеттің халықтығы туралы түсінік қалыптастырған:

- A) Н.И. Надеждин
- B) В.Г. Белинский
- C) Д.И. Писарев
- D) А.И. Герцен
- E) П.А. Вяземский
- F) Л.Н. Толстой

2. Эллада эстетикасының мұрасы:

- A) «Поэтикалық өнер»
- B) «Лаокоон»
- C) «Рамайна»
- D) «Поэзия ғылымы»
- E) «Поэтика»
- F) «Эстетика»

3. Орыстың атақты сыншысы В.Г. Белинскийдің еңбектері:

- A) «Генрих Гейне»
- B) «XIX ғасырдың схоластикасы»
- C) «Өткендер мен ойлар»
- D) «Әдеби арман»
- E) «Гогольге хат»
- F) «Реалистер»

4. Тарихи-революциялық тақырыпқа жазылған қазақ романдары:

- A) «Қазақ солдатты»
- B) «Қарағанды»
- C) «Қан мен тер»
- D) «Ақ Жайық»
- E) «Ботагөз»

5. Шығармадағы ой өзегі:

- A) Образдар жүйесі.
- B) Шығарманың сюжеті.
- C) Шығарманың негізгі арқауы.
- D) Шығарма жазудағы жазушы мақсаты.
- E) Шығармашылық концепциясы.

6. Классицизмнің көркем шығарма мазмұны мен пішініне қоятын шарты:
- A) Әдіс бірлігі
 - B) Ағым бірлігі
 - C) Уақыт бірлігі
 - D) Оқиға бірлігі
 - E) Орын бірлігі
7. Шығарманың пішінін құрайтын бөлшек:
- A) Пафос
 - B) Ой өзегі
 - C) Тенденция
 - D) Тіл
 - E) Сюжет
8. Тартыс:
- A) Тақырып
 - B) Монолог
 - C) Диалог
 - D) Коллизия
 - E) Идеялар, мінездер күресі
9. Құбылыс пен оқиғаның субъект көңіл-күйі түріне ауысуы:
- A) Лирика
 - B) Драма
 - C) Өлең
 - D) Поэзия
 - E) Эпос
 - F) Сын
 - G) Аңыз
10. Көркем образдың өзіне тән сипаттары:
- A) Экспрессивтілігі, интерпретациялануы
 - B) Типтілігі, бүтіндігі, субъективтілігі
 - C) Білімді талап ететіндігі
 - D) Объективті заңдылықтарға сүйену
 - E) Ғылыми танымға ие
 - F) Логикалық дәлелділігі
 - G) Көпшілікке түсінікті бола бермейтіндігі

11. Ғ. Мүсіреповтің кейіпкерлері:

- A) Бүркіт
- B) Амантай
- C) Есеней
- D) Дәркембай
- E) Қоңқай

12. Көркем әдебиеттегі образ терминінің анықтамасы:

- A) Эпитеттік сөз қолданыс
- B) Бейнелеу құралы
- C) Символдық бейнелеу
- D) Автопортрет
- E) Адам өмірінің әсем суреті
- F) Шығармада өмір шындығын жинақтау
- G) Метафоралық бейнелеу

13. Психологиялық портрет үлгілері:

- A) Мүсін өнеріндегі портрет
- B) Қыз Жібектің портреті
- C) Нефертити мүсіні
- D) Абай бейнесі
- E) Шыңғыстау бейнесі

14. Метафора:

- A) Гималай – жердің түндігі
- B) Бояулар: қара, қызыл, қоңыр, сары
- C) Кәрі Каспий қара көк көзін ашты
- D) Дулыға сыймас басыңа,
Асау күн келдім қасыңа
- E) Адам ол – қайғырымпаз, қуанымпаз
- F) Бір көзі жұмулы, түймедей жас сорғалап тұр

15. Кейіпкер тілі:

- A) Монолог
- B) Перифраз
- C) Табу
- D) Портрет
- E) Пейзаж
- F) Эфимизм

16. Эпифора:

- A) Троптың түрі
- B) Пернелеп айту
- C) Кезекті қайталау
- D) Ажарлау түрі
- E) Бүкпелей бейнелеу

17. А.Байтұрсынов бөлген арнау түрлері:

- A) Сұрай арнау
- B) Полилог
- C) Құбылту
- D) Эпиграф
- E) Диалог
- F) Монолог

18. Шалыс ұйқасты, қара өлең ұйқасын, кезекті ұйқасты көрсетіңіз:

- A) аабб
- B) абаб
- C) абабввггджждзз
- D) абвб
- E) ааба
- F) абабвгдгждзебзкб
- G) аабвбвббб

19. Қазақ өлеңінің құрылымына тән ерекшеліктер:

- A) Метрикалық жүйе
- B) Екпін үнемі соңғы буынға түседі
- C) Әрі буын, әрі екпін
- D) Екпін жылжымалы
- E) Буынға негізделген өлең
- F) Тоникалық
- G) Силлабо-тоникалық

20. Қазақ өлеңінде тармақ көбіне ... болып келеді:

- A) 3 буынды
- B) 11 буынды
- C) 2 буынды
- D) 7–8 буынды
- E) 6 буынды
- F) Көп буынды
- G) 20 буынды

21. Көңіл-күйді, сезім дүниесін бейнелейтін көркем әдебиет тегі – лирика.

Оның жанрлық түрлері:

- A) Поэма
- B) Арнау
- C) Элегия
- D) Лиро-эпос
- E) Трилогия
- F) Диалогия
- G) Эпопея

22. Социалистік реализм жүзеге асырған қағидалар:

- A) Дәстүр мен жаңашылдық
- B) Интернационализм
- C) Социалистік гуманизм
- D) Ұлттық құндылықты насихаттау
- E) Дәстүр жалғастығы
- F) Ұлттық сипат
- G) Әдебиеттің партиялылығы

23. Стиль белгілері:

- A) Эмоциональдылық
- B) Зерттеушілік
- C) Нақтылық
- D) Образдылық
- E) Идеялылық
- F) Бағалаушылық

24. Жазушы қолтаңбасын қалыптастырады:

- A) Мифологиялық
- B) Әдеби мектеп
- C) Тарихилық
- D) Лингвистикалық
- E) Көркемдік бағыт
- F) Көркемдік әдіс

25. Классицизмнің өкілдері:

- A) Золя
- B) Корнель
- C) Руссо
- D) Шиллер
- E) Расин
- F) Мольер

**Әдебиеттануға кіріспе
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

1. 1933 жылы алғаш рет 7-сыныпқа арналған әдебиет тарихын мектеп көлемінде жүйелі ұсынған құрастырушылар:

- A) М. Жолдыбаев
- B) М. Әуезов
- C) Т. Ақшолақов
- D) А. Байтұрсынов
- E) І. Жансүгіров

2. Жоғары белсенділікті дамытуға бағытталған, оқушыларды –өздігінен ойлануға, шешім айтуға, жауап беруге ұмтылдыратын әдіс:

- A) Бақылау әдісі
- B) Интерактивті оқыту әдісі
- C) Белсенді оқыту әдісі
- D) Сөздік әдіс
- E) Сұрақ-жауап әдісі
- F) Эвристикалық
- G) Ізденушілік әдіс

3. Кіріспе сөзге орыс әдістемешісі В. Голубков қойған талаптар:

- A) Білімдік-логикалық арқауының берік болуы
- B) Шұбалаңқы болуы
- C) Әдеби тілде болуы
- D) Тақырыпқа байланыстылығы
- E) Білімдік-логикалық арқауының болмауы

4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының бастауында тұрған әдіскер ғалымдар:

- A) Ә. Қоңыратбаев
- B) Қ. Бітібаева
- C) Г. Құрманбаева
- D) С. Дүйсебаев
- E) Қ. Айтқалиев
- F) Б. Әрінова

5. Қазақ әдебиетімен сабақтастықта өткізілетін пәндер:

- A) Математика
- B) Философия
- C) Физика
- D) Астрономия
- E) Қазақстан тарихы
- F) Дене шынықтыру
- G) Сызуды

6. Әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолданудың ерекшелігі:

- A) Ойлауын тежейді
- B) Оқушыларға ауыр тиеді
- C) Тақтамен жұмыс азаяды
- D) Оқушының белсенділігі артады
- E) Көркем тілінің дамуына кедергі болады
- F) Пәнге қызығушылығы артады
- G) Оқушылар жалықпайды

7. Көрнекілік әдісін қолданудағы мақсат:

- A) Сабаққа қызықтыру
- B) Уақыт үнемдеу
- C) Білімді қалыптастыру
- D) Жана ұғымдарды оқушыға жеткізу
- E) Практикалық білім беру
- F) Оқушылардың жеке пікірлерін туғызу

8. Студент-практикант әрбір әдебиет сабағын төмендегі мақсаттарға сай құруы тиіс:

- A) Оқушының өздерінің құқықтарын білу
- B) Оқушының сабақта алған білімін тәрбие шараларымен байланыстыра алуы
- C) Оқушының әдебиет пәніне деген сүйіспеншілігін арттыру
- D) Оқушының әдеби-эстетикалық түсінігін қалыптастыру
- E) Оқушының достарымен қарым-қатынасын жақсарту
- F) Оқушының жан-жақты ізденуі

9. Көркем мәтіннің мазмұнын меңгеру жолдары:

- A) Өз қиялын қоса отырып мазмұндау
- B) Шығарманың әсерлі тұстарын мазмұндау
- C) Дауыстап оқу жүйесі
- D) Даралап оқу жүйесі
- E) Мәтіндік оқу жүйесі
- F) Іштей оқу жүйесі

10. А.Т. Ақшолақовтың мамандығы:

- A) Жыршы
- B) Сазгер
- C) Ғалым
- D) Әдіскер
- E) Педагог

11. Әдебиет сабағының ең басты мақсат - міндеттерінің бірі:

- A) Көрнекілікті тиімді пайдалану
- B) Мұғалімнің шеберлігі
- C) Имандылық
- D) Өз бетінше орындауы
- E) Әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдауы

12. Әдебиет сабағы барысында мұғалімді ойландыратын мәселелер:

- A) Оқушылардың сөйлеу мәнеріне көңіл бөлу
- B) Тәртібін қадағалау
- C) Оқушылардың ой өрісін кеңейту
- D) Оқушылардың киіміне көңіл бөлу
- E) Берілген материалды тиімді әдіспен жеткізу
- F) Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау
- G) Оқушылардың келбетіне көңіл бөлу

13. Эпистолярлық жанрды оқытуда көңіл бөлерлік мәселелер:

- A) Хат арқылы хат иесінің көңіл күйіне
- B) Көркемдік ерекшеліктеріне
- C) Сюжетіне
- D) Құрылысы мен ұйқасына
- E) Жанрлық, композициялық ерекшеліктеріне

14. Оқушыларға қойылатын сұрақтар сипаты:

- A) Сөз өнері
- B) Жасына сай
- C) Әңгімелесу
- D) Салыстырмалы
- E) Сыншыл

15. Әдебиет теориясын оқытқанда басшылыққа алынатын мәселелер:

- A) Жанрлар, көркем сөз
- B) Танымын жетілдіру
- C) Текстер жаттау
- D) Мәнерлеп оқыту
- E) Жатқа айту

16. Практикант студентке қойылатын талаптар:

- A) Тек қана сабақ берумен шектелу
- B) Ғылыми зерттеу жүргізу
- C) Сабаққа алдын-ала дайындалу
- D) Баларға жоғары баға қою
- E) Әдіскерлермен тығыз байланыста болу
- F) Басшылармен қарым-қатынасын жақсарту
- G) Көп сөйлемей

17. Педагогикалық практикада ұштасатын білімнің негізі:

- A) Аулада
- B) Балабақшада
- C) Институтта
- D) Мектепте
- E) Үйде
- F) Кітапханада

18. Сыныптан тыс жұмыстар өткізілу мерзіміне қарай бөлінеді:

- A) Жыл бойы жүргізілетін жұмыстарға
- B) Апта бойы жүргізілетін жұмыстарға
- C) Жарты тоқсан бойы жүргізілетін жұмыстарға
- D) Үздіксіз жүргізілетін жұмыстарға
- E) Тоқсан бойы жүргізілетін жұмыстарға
- F) Дүркінді жүргізілетін жұмыстарға

19. Ә. Қоңыратбаев көрсеткен әдеби үйірмелердің түрлері:

- A) Табиғатты аялау
- B) Саяхат
- C) Әдеби-шығармашылық
- D) Көркемдік оқу
- E) Шахмат
- F) Драма, ән-күй

20. 1930 жылы Қызылордада басылған «Жеткіншек» оқу құралының авторы:

- A) М. Дулатов
- B) «Оян, қазақ» жинағының авторы
- C) «Хан Кене» драмасының авторы
- D) М. Әуезов
- E) «Өскен өркен» романының авторы

21. Орта мектептегі әдебиет пәні бағдарламаларында сыныптан тыс оқу ауқымының көрсетілген түрлері:

- A) Шығармашылығын дамытуға арналған шығармалар
- B) Өздігінен оқуға және сыныпта пікір алысуға ұсынылатын шығармалар
- C) Тілін байытып, білімін кеңейтуге арналған шығармалар
- D) Кітап оқуға құштарлықты оятуға арналған шығармалар
- E) Курсты қайталауға арналған шығармалар
- F) Сыныптан тыс ерікті оқуға ұсынылатын шығармалар
- G) Міндетті оқуға және талдауға ұсынылатын шығармалар

22. Сабаққа қарағанда сыныптан тыс жұмыстарға:

- A) Белгіленген уақыт мөлшері жоқ
- B) Арнайы шығармалар тізімі берілмейді
- C) Ұсынылатын шығармалардың көлемі мен мазмұны ескерілмейді
- D) Үлгерімі төмен оқушылар ғана қатысады
- E) Бағдарламадағы барлық туындыны қамтуы міндеттелген
- F) Ата-аналар жетекшілік етеді

23. Қазақ әдебиеті пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған типтік оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

- A) Бағдарламада әлем әдебиеті үлгілерінен шығармалар ұсынылған
- B) Бағдарламада тек автор ұсынылады, шығармаларын мұғалім таңдайды
- C) Бағдарламада ақын-жазушылар шығармашылығы хронологиялық сипатта ұсынылады
- D) Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет енгізілмеген
- E) Оқушылардың бейіндік ерекшеліктері ескеріледі
- F) Білім мазмұнын сұрыптауда ғылымилық, жүйелілік, пәнаралық байланыс сияқты дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады

24. Әдебиет пәнінен 11-сыныпта І. Жансүгіров шығармашылығы бойынша оқытылатын туындылар:

- A) «Күй»
- B) «Бозторғай»
- C) «Домбыра»
- D) «Жетісу суреттері»
- E) «Анам тілі»
- F) «Ағынды менің Ақсуым»
- G) «Құлагер»

25. 9-сыныпта фантастика және детектив жанрларын өткен кезде қарастырылатын шығармалар:

А) Ғ. Мүсірепов «Ұлпан»

В) С. Сейфуллин «Бандыны қуған Хамит»

С) С. Торайғыров «Таныстыру»

Д) Ш. Айтматов «Шынарым менің, шырайлым менің»

Е) Ә. Мархабаев «Күнге тағы дақ түсті»

Ғ) Ж. Аймауытов «Қартқожа»

Г) Қ. Тоқаев «Сарғабандағы оқиға»

**Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**